



**«Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы  
«Адал азамат» бағдарламасының жоспарымен таныстыру**

**Меңгеруші Мырсейтова Э.С.**

Түркістан-2025жыл

“Адал азамат” «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жылдық жоспарға, перспектива мен циклограммаға енгізе отырып, “Адалдық әліппесі” мектеп жасына дейінгі балаларда құнды қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар жинағын пайдалану керектігін айтты. «Аталар, әжелер, әкелер, аналар мектебін» жандандыру керектігі және де баланың бойына ұлттық құндылықтарды, адалдық пен шынайылықты сіңіру керектігі айтылды. Балаларды қызықты ойын түрінде білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

**I . «Адал азамат» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:**

**Бағдарламаның мақсаты:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

**Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

**Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

**Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

**Бағдарламаны іске асыру тетіктері:**

Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын көздейтін біртұтас тәсілдеме

Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, вариативтік

бағдарламаларды әзірлеу

Педагогтардың балабақша шеңберінде іс-шаралар барысында құндылықтарды қалыптастыру.

Тәрбие процесіне тәрбиеленушілердің ата-аналарын тарту.

**Бағдарлама мазмұны:**

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жанашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.